

Ш. Адилбаева* , Қ. Қабдолда , А. Адилбаев 

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: shamshat.nmu@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ УАҚЫПТАРДЫҢ ДІНИ-ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мұсылман елдерінде жомарттық пен өзара жәрдем ұстанымы негізінде пайда болған уақып мәдениеті Мұхаммед пайғамбар бастатқан Мәдина кезеңінен күнімізге дейін ислам дүниесінің әлеуметтік және экономикалық өмірінде маңызды рөл атқарған діни әрі құқықтық құрылым болып табылады. Уақып мәдениетінің қалыптасуының негізгі мақсаты қоғамдағы келеңсіздіктерді жойып, әлеуметтік жағдайдың өркендеуіне септігін тигізу, экономикалық теңдіктің сақталуын қамтамасыз ету болған. Осы мақсатта мешіттер, медреселер, кітапханалар, керуен сарай секілді ғимараттар салынып, су каналдары мен арықтар, көпірлер жасалып көпшіліктің қолданысына берілген. Кей кездері жеке меншіктегі жерлер де халыққа үлестірілген немесе толығымен көпшілікке бағышталған. Сондайақ уақыптар елдің тіл, мәдениет, тарих, дін жағынан өркендеуіне де өзіндік әсерін тигізген. Түркі халықтарында, соның ішінде қазақ даласында да қайырымдылық негізінде құрылған уақыптардың санының көптігі халық арасында уақып түсінігі мен мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді. Олардың қызмет көрсету саласын зерттегенде кедейкепшік пен жетімдер, білім жолындағы шәкірттер мен жолаушылар, шаруалар мен қолөнермен айналысқан ұсталар секілді халықтың әртүрлі санатындағы адамдарды қамтығанын көруге болады. Мақалада қазақ даласындағы уақыптың діни-әлеуметтік маңыздылығы қарастырылады.

Түйін сөздер: уақып, ислам, қайырымдылық, үздіксіз садақа, уақыптық жүйе.

Sh. Adilbayeva*, K. Kabdolda, A. Adilbayev

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: shamshat.nmu@mail.ru

Religious and social significance of the Waqfs in the Kazakh Land

The culture of waqfs, which arose in Muslim countries on the basis of generosity and mutual assistance, is a religious and legal structure that has played an important role in the social and economic life of the Islamic world from the time of Medina, begun by the Prophet Muhammad, to the present day. The main goal of forming a culture of charity was to eliminate vices in society, promote the development of the social situation, and ensure the preservation of economic equality. For this, buildings such as mosques, madrasahs, libraries, a caravanserai were built, water canals and ditches, bridges were built and put into public use. Sometimes privately owned lands are also distributed among the population or given out entirely to the use of the state. Waqfs also had an impact on the development of the country in terms of language, culture, history and religion. A large number of waqfs created on the basis of charity among the Turkic peoples, including those in the Kazakh steppes, indicates that the understanding and culture of waqfs has been formed among the people at a high level. Looking at the scope of their services, one can see that they include people from different categories of the population, such as the poor and orphans, students and travelers, farmers and artisans. The article deals with the religious and social significance of waqf in the Kazakh steppe.

Key words: waqf, islam, charitable activities, incessant almsgiving, system of waqfs.

Ш. Адилбаева*, К. Кабдолда, А. Адилбаев

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: shamshat.nmu@mail.ru

Религиозное и общественное значение вакуффов на казахской земле

Культура вакуффов, возникшая в мусульманских странах на основе щедрости и взаимопомощи, представляет собой религиозно-правовую структуру, игравшую важную роль в социальной и экономической жизни исламского мира со времен Медины, начатой Пророком Мухаммедом, до сегодняшнего дня. Основной целью формирования культуры благотворительности было устра-

нение пороков в обществе, содействие развитию социальной ситуации, обеспечение сохранения экономического равенства. Для этого были построены такие здания, как мечети, медресе, библиотеки, караван-сарай, построены и сданы в общественное пользование водоканалы и рвы, мосты. Иногда земли, находящиеся в частной собственности, также распределяются среди населения или полностью отдаются в пользование государству. Также вакуфы оказали свое влияние на развитие страны с точки зрения языка, культуры, истории и религии. Большое количество вакуфов, созданных на основе благотворительности у тюркских народов, в том числе в казахских степях, свидетельствует о том, что понимание и культура вакуфов сформировались в народе на высоком уровне. Рассматривая сферу их услуг, можно увидеть, что в них входят люди из разных категорий населения, такие как бедняки и сироты, студенты и путешественники, земледельцы и ремесленники. В статье рассматривается религиозное и социальное значение вакфа в казахской степи.

Ключевые слова: вакуф, ислам, благотворительная деятельность, непрекращающаяся милость, система вакуфов.

Кіріспе

Зерттеу нысаны ретінде алып отырған уақып мәселесі – ислам мәдениетінің діни-әлеуметтік мәселелерді шешуде ғасырлар бойы маңызын жоғалтпай келе жатқан ерекше институты. Уақып тақырыбын зерттеуші ғалымдардың кейбірі оның ислам дініне дейін де болғандығын алға тартса, кейбір ғалымдар уақыпқа ұқсас құрылымдардың болғанымен ислам мәдениетіне тән уақыптардың олардан бөлек екенін айтқан. Себебі ислами уақыптардың өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, исламға дейінгі қайырымдылық құрылымдар заңдық тұрғыдан «қасиетті жекеменшік» ретінде танылғанымен, толықтай дерлік орталық биліктің басқаруына қарады. Ал, мұсылмандық уақыптың негізгі меншік құқығы толығымен уақып құрушының иелігінде болған.

Сонымен қатар мұсылман қоғамындағы уақып құжаттарын зерттеумен айналысқан ғалымдар мұсылман елдерінде исламдық уақыптармен қатар, мұсылман еместер құрған уақыптардың да болғанын жазады. Оларды ислами уақыптармен салыстыра отырып зерттеген ғалымдардың тұжырымы бойынша бұл мұсылман қоғамында өмір сүрген өзге дін өкілдерінің ислам мәдениетіне икемделгенін көрсетеді (Gill, 1976: 162).

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Қазіргі таңда уақып қазыналы мұсылман қоғамында мемлекеттік байлыққа айналу да. Исламдағы уақып түсінігі – белгілі бір мемлекеттің не үкіметтің емес қоғамдық топтарды қамтамасыз ету үшін бағытталған, секторларды дамытуда маңызды болып санала-

тын негізгі күштердің бірі. Мемлекеттен тыс сектордың белсенді жұмыс жасауы әлеуметтік-экономикалық дамуға әсер етеді. Осыған орай бұл тақырыпты теориялық тұрғыдан терең зерттеп, оны тәжірибеде қолдану – біздің қоғам үшін маңызды мәселелердің бірі.

Мақаланың мақсаты – қазақ даласындағы уақыптардың дін-әлеуметтік маңыздылығын ашып көрсету, ал міндетіне келсек, уақып жүйесінің ислам өркениетіндегі орнын көрсете отырып, еліміздегі түйіткілді діни мәселелерді шешудегі тиімділігін айқындау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу барысында қазақ жеріндегі Ресей империясы тұсындағы және одан кейінгі уақыттардағы мұсылмандар арасындағы діни-әлеуметтік бағыттағы уақыптарға талдау жасалынады. Қазақ жеріндегі уақып мәселесіне қатысты жазылған отандық және шетелдік еңбектердің теориялық тұжырымдамалары зерделенеді. Тақырыпты зерттеуде гуманитарлық ғылымда кеңінен қолданып жүрген, герменевтикалық, талдау, баяндау, түйіндеу, классификация, экстрополяция зерттеу әдістері қолданылады. Жәдидшілдік пен қадымшылдық мәселесіне философиялық зерттеу әдістері арқылы объективті зерттеу жүргізілді.

Негізгі бөлім

Зерттеу нысаны ретінде алап отырған уақып мәселесі – ислам мәдениетінің діни-әлеуметтік мәселелерді шешуде ғасырлар бойы маңызын жоғалтпай келе жатқан ерекше институт. Уақып тақырыбын зерттеуші ғалымдардың кейбірі оның ислам діні тарағанға дейін де бола келгендігін алға тартса, кейбір ғалымдар уақыпқа ұқсас

құрылымдардың болғандығын, алайда ислам мәдениетіне тән уақыптардың олардан бөлек, өзіндік ерекшеліктерінің бар екендігін былайша алға тартады: «Ежелгі қоғамдарда (Парсы, Мысыр, Иудея, Византия, Рим) уақып институттарына жақын құрылымдар болған, алайда зерттеуге тереңірек үңілсек, бұл уақыптардың римдік-византиялық негізі болғанымен, олардың өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқауға болады» (Гордлевский, 1960: 147). Өйткені, бұл уақыптар заң жүзінде «қасиетті жекеменшік» деп танылғанымен, қолданыста олар толығымен дерлік орталық биліктің бақылауында болды. Ал, мұсылмандық уақыптың ерекшелігіне зер салсақ, оның негізгі меншік құқының уақып құрушының иелігінде екендігін көреміз (Шлыков, 2011:13).

Айта кетерлік тағы бір жәйт, мұсылман қоғамындағы уақып құжаттарын зерттеумен айналысқан ғалымдар мұсылман елдерінде исламдық уақыптармен қатар, мұсылман емес-тер құрған уақыптардың да пайда болғанын жазады. Оларды ислами уақыптармен салыстыра отырып зерттеген ғалымдардың тұжырымы бойынша мұсылман қоғамында өмір сүрген зиммилердің (өзге дін өкілдерінің) ислам мәдениетіне икемделгенін көрсетеді (Gill, 1976: 162).

Ислам шариғатында уақып – белгілі бір мүлікті қайырымдылық мақсатта пайдалану үшін ұзақ уақыт сақтау дегенді білдіреді. Сондықтан бұл тоқтаусыз қайырымдылық саналады. Сахаба Жәбир ибн Абдулла: «Пайғамбар жанындағы сахабалары шамасы жете тұра уақып етуден бас тартпаған», – деген (әл-Муғни, 1977:63).

Ғасырлар бойы ислам мәдениетінде қоғамның материалдық және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарған уақыптар қоры Пайғамбар дәуірінен бастау алады. Пайғамбардың өнегелі өміріне үңілер болсақ, қоғамның қажеттілігіне арналған уақып түрлерін көптеп кездестіруге болады. Мысалы, мұсылмандар үшін қасиетті деп саналатын Мәдина қаласындағы Пайғамбар мешітінен Ухуд шайқасында сахаба Мұхәйрик Алла Елшісіне қалдырған бақтары, Осман ибн Аффанның мұсылмандардың игілігі үшін уақып етіп берген Рума құдығы, Омар ибн әл-Хаттаб Хайбардағы жерін уақып ретінде тастап, оның жемісін қайырымдылыққа жұмсауы т.б.

Ислам шариғатында уақыптар мақсатына қарай үш түрге бөлінеді:

1. Таза діни уақып

2. Қайырымдылық уақыбы

3. Арнайы немесе болашақ ұрпаққа арналған уақып

Таза діни уақып – қандайда бір қазынаны ғибадат мақсаттарына (тар мағынадағы) арнайы бөлу. Бұл уақып түріне ең алдымен құлшылық орындары, һәм ислами ғибадатханалар кіреді. Уақыптың осы түрі өзге халықтарда да кездескен. Мысалы, мешіттер, шіркеулер, ғибадатханалар. Ислам мемлекеті тарихындағы тұңғыш діни уақыпқа Пайғамбардың Мәдинадағы мешіті жатады.

Қайырымдылық уақыбы – жиналған мал-мүлікті түрлі қоғамдық қайырымдылыққа (аурухана, мәдени іс-шаралар, білім, қауіпсіздік) жұмсауды мақсат етеді. Аталған уақып түрі ислам діни келгенге дейін де кей қоғамдарда көрініс тапқандығы байқалады. Десек те, исламның келуімен мұсылмандар бұндай қайырымдылық түрлерін жан-жақсы дамытып, үлкен үлес қосып, уақып түрлері мен көлемінің көбеюіне ықпал етті. Қайырымдылық жасауда мұсылмандар өзінен алдыңғы өркениеттерді де, қазіргі таңдағы батыс өркениетінен де алда. Мақала барысында мысал келтірген Осман ибн Аффанның мұсылмандардың игілігі мақсатында берілген құдығы да уақыптың осы қайырымдылық түріне, яғни қоғамдық қажеттілікті өтеуіне жатады. Омар ибн әл-Хаттабтың уақыбы да қайырымдылық сипатта еді. Оның уақыбы өте әйгілі. Мұсылман құқықшылары оны шариғаттағы уақыптың негіздемесі ретінде қарастырған. Ол уақыптың ерекшелігі жерден шыққан жемістердің кедейлер мен міскіндерді, жолаушыларды тамақтандыруға жұмсалыуында.

Арнайы немесе болашақ ұрпаққа арналған уақып – жер немесе жылжымайтын мүлік секілді ұзақ мерзімге жарамды дүниелерді қайырымдылыққа арнау. Бұл уақып түрінің бастауы исламның алғашқа уақытынан бастау алып, сахабалардың бірінші болып жүзеге асыруымен әлі де жалғасын табуда. Пайғамбар өмірден өткен соң мұсылмандардың екінші халифасы болған Омар ибн әл-Хаттаб Хайбардағы жерін уақып еткенін білгеннен бастап басқа сахабалар да өз мал-дүниелерінен, бау-бақшаларын уақып ете бастады. Кейбір сахабалар уақып бөлуді алдымен өз ұрпақтарына, кейін қайырымдылыққа арнады. Сахабалар бұл уақып түріне жер, жылжымайтын мүлік, құрма бақтары секілді өз иеліктерін уақып етіп, одан түсетін пайданы уақып етілушінің отбасына бөліп беруді өсиет еткен. Ал, аталған мүліктің өзі

ешкімге бөлінбейді, жылдан-жылға өз пайдасын беріп тұрады. Шариғатымыз туыстық қарым-қатынасқа аса мән берген. Қайырымдылықтың ең алдымен ағайын-туысы мен ұрпағына жасалуын да насихаттаған. Пайғамбардың хадистерінен мұсылманның жақындарына, ата-анасына, бауырлары мен отбасына жасаған жақсылығы ең абзал садақадан болып саналатынын ұғынамыз. Уақыптың осы түрі батыс елдерінде, әсіресе АҚШ-та соңғы кезеңдерде ғана көрініс таба бастады.

Жоғарыда аттары аталған уақыптың үш түрі уақып қаражатының екі түрін қамтиды:

1. Уақыптың өзі үшін ғана жұмсалатын қаражат, мысалы: мешіт, оның ішіндегі төсеніштер мен кілемдер, медресе, оның жылжымайтын мүлкі мен жиһаздары, қайырымдылыққа арналған баспаналар.

2. Сауда-саттық, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы сияқты экономика салаларына салынып, түсетін пайдасы мен табысы уақып мақсаттарына жұмсалатын қаражат.

Қайырымдылық шаралары көп қырлы. Қоғам дамыған сайын оның түрлері де арта түсуде. Уақыптың жоғарыда келтірілген анықтамасындағы «көп мәрте қайырымдылық жолында» деген сөз уақып жасайтын адамның өзі де уақыпты қолдануы мүмкін екенін шектемейді. Уақып ретінде үй немесе аурухана, медресе т.б. адал жолда қолданылатын ғимараттарды уақыпқа арнау арқылы сол жерден түскен қаражатты уақыпқа жұмсап, басқа мұқтаж жандарға және сол жердегі қызметкерлерге не сол жерді пайдаланушыларға да қайырымдылық жасай алады. Өкінішке орай, күнімізде кей мұсылман мемлекеттерінде уақып қорына арналған мүліктер мен қазынадан үкіметтің де жеке мәселелеріне жұмсалып, оны байлық көзіне айналдырғанын байқауға болады. Осы орайда мақаламызда уақыптың бастауы мен негізгі мақсатын, жүзеге асу жолдарын ашып көрсетуге тырыстық.

Қазақ жеріндегі уақыптар тарихына шолу

Қазақ даласына ислам дінінің келуімен қазақ жеріне мешіт, медреселер салына бастады. Қазақ еліндегі уақыптың бірден-бір көрінісі еліміздің рухани астанасы болған Түркістан жеріндегі Әмір Темірдің өзі құрмет тұтқан Қожа Ахмет Яссауиға арнап салғызған кесене-мешіті. Бұл ғимарат, әрі ғибадатхана 1397-1405 жылдар аралығында жалпы халыққа арналып салынған. Аталмыш кесеніне біз Әмір Темірдің уақып

ретінде қалдырғанын білеміз. Себебі, тарихи деректерге назар аударсақ Әмір Темірдің кесене-мешітті уақып етіп салып, «уақыпнама» қалдырғанына куә боламыз. Бұл уақыпнама хақында М.Е. Массон «Қожа Ахмет Яссауи кесенесі» атауымен жазылған еңбегінде: «Болған жағдайлар мен оқиғалар қалай жеткізілсе де, бір нәрсе анық, өзгеріссіз. Ол – Әмір Темірдің кесенені Қ.А. Яссауидің құрметіне салса да, оның әрі қарай да өмірше ноболып, халыққа пайдалы болуын қамтамасыз етіп кеткені...» (Массон, 1930: 32).

Қазіргі күні бізге жеткен «уақыпнамада» Яссы қаласының жанынан мал жаятын суармалы жерлер мен арықтардың бөлінгендігі және осы арқылы келетін барлық пайданың міндетті түрде қатаң жолмен Әмірдің бұйрығымен бекітілген орындарға бөлініп берілуі анық баяндалған. Ол жерде бірінші мүтәуәли қызметіне, мирасқа өту құқымен Қожа Ахмет Яссауидің ұрпағы Шейх Мир Али Қожа, бойында осыған сай келетін сипаттарына байланысты тағайындалып, уақып мүлкін басқару құқы берілген. Оның еңбекақысы ретінде уақыптың жиналған қордың 10/1-і тағайындалды. Әмір үшін дұға тілеу және басқа имам-хатибтың қызметтерін атқару құқы, мирасқа өту құқымен, сол кездегі белгілі тұлға Али Дәурішке бекітілген. Сондай-ақ кесене қызметіне қос қари, сумен қамтамасыз етуші адам, кесененің тазалығына жауапты адам және уақып бақшасына арнайы күтуші тағайындалған. Кесене қызметкерлеріне, әлеуметтік жағдайы төмен міскіндер мен жолаушыларға, мүмкіндігі шектеулі мүгедек жандарға, жетім-жесірлерге арналып аптасына дүйсенбі және жұма күндері бұршақтан жасалған нан мен 2 1/2 батман бидай мен 2 батман ет қосылып «халим» тағамы дайындалды. Азық-түлік қоры мен қажетті отынның жыл бойына жұмсалатын мөлшері бекітілді. Кесене қызметкерлері мен кесене шығындарынан артылған қор қаржысы кесененің жөндеу жұмыстары мен дамытуға жұмсалған.

Уақыпнаманың соңында уақып иесі аталған қайырымдылық қорының сақталуы мақсатымен, ондағы бұйрықтар ешқандай жағдайда бұзылмауын міндеттеп: «Ал, кімде-кім осы уақыпнамадағы жазылған міндеттемелер мен бұйрықтарды аяқ асты етсе, Алланың, періштелердің, адамдардың қарғысын алып, Алланың азабына жолықсын!» деп жазған (Массон, 1930: 60).

Бізге дейін қазақ даласында уақыптардың болғандығына басты дәлел болатын негізгі та-

рихи құжаттардың бірі – «Насаб-нама». «Насаб-нама» қазақ даласындағы ислам дінін таратушы – қожалардың шежіресі ғана емес, уақып құжаттарының да негізі саналады. Ол ұрпақтан-ұрпаққа берілу арқылы сан ғасырлар бойы сақталып келген. Кезіндегі халқымызды діні мен ділінен алыстатуға бағытталған орыс патшасының отарлау саясаты мен кеңестік атеистік идеология тарихымызды жою арқылы бізге өз идеологиясын сіңіргісі келді. «Насаб-нама» нұсқаларының барлық адамға таныс болмауының себептерінің бірі – оның маңыздылығында, яғни уақып етіп бөлінген жерлердің анық бекітілген заңды құжат болуында. Бұл құжаттар қолжазба күйінде, құнды құжат ретінде сақтаулы. Өртүрлі жағдайлардың әсерінен бұл құжаттар көпшіліктің назарына берілмеуде. Негізінен, әрбір саяси өзгерістерден кейін, «Насаб-нама» иелері уақыптық жер-суларын қорғау үшін лауазымды адамдардың мөрлері арқылы құжаттарын қайтадан бекіттіріп отырған.

XIX ғасырда жер иеліктерін реттеумен айналысқан орыс өкіметі де бұл мәселелермен айналысуға, шын қожалар мен жалған қожалардың ара жігін ажыратып отыруға міндетті болғаны «Насаб-намаларға» соғылған орыс өкіметі жергілікті әкімшілігі мөрлерінен байқалады (Расудова, 1978: 82).

Исхақ-бабтан он бір ата кешкен бұл «Насаб-нама» Маулана Сафи ад-дин Орұң Қойлақыға қалады. Насаб-нама түпнұсқасы араб тілінде болды. Оны түрік тіліне өзі аударды. Исхақ баб хижраттан жүз жыл өткенде Шам елінен Түркістан жеріне келген еді. Ол Қарғалықта үш қабат қорған, Азина мешітін салды. Қарғалық елінде он мың үйлі халық болды. Исхақ баб өзінің артына көптеген жер мен суларды уақып етіп қалдырады. Ол жер-сулар Қаратаудың екі беті, Тараздан бастап, қазіргі Жаңақорған ауданы тұсына дейін созылып жатқан аймақтарды қамтиды.

Қазіргі Шымкент, Сайрам маңында да көптеген жер-сулар осы Исхақ-баб әулетінен өзге тек Абд-ал-Жалил әулетінен тарайтын Тұрбаттағы Ибраһим Ата ұрпақтары қолында уақыптық жер бар екендігін А. Диваев жазады (Диваев, 1901:5).

Алайда, «Насаб-наменің» бізде бар нұсқаларының ешбірінде бұндай мәлімет табылмайды. Маулана Сафи ад-дин Орұң-Қойлақының тоғызыншы ұрпағы болып мсаналатын Хусейн қожа кезінде Исхақ бабтан қалған уақыпты

жерлерді кеңейтуге мүмкіндік табады. Бөкей хан заманында Түркістан маңындағы су көздерін ашып, халықты ашаршылықтан алып қалғаны үшін, Түркістан айналасының халқы Дарбаза арығынан бір су, Ортақ арығынан бір су, Қарачуқ халқы екі су нияз қылды. Ташанақ халқы бір су, Иқан халқы кіші Дарбаза арығынан екі су, Шаға халқы Шаға арығынан екі су нияз қылады. Хусейн қожа ол суларды ұлдары Ыдырыс шейх пен Нух шейхқа қалдырады (Жандарбек, 2002: 16).

Иә, бұл «Насаб-намалар» қазақ жеріндегі уақыпқа берілген жерлер әлі көп зерттеулерді талып ететін маңызды тақырыптардың бірі. Бұл «Насаб-намалар» қожалар шежіресімен қатар, қазақ даласындағы уақыптық жерлерді иелену құжаттары да болып табылады. Дінімізде осы уақыпқа деп арналған жерлердің барлығы уақып мүлкіне, яғни қайырымдылыққа қоғамның пайдасына арналған жерлер болып есептеледі. Уақыпқа берілген мүліктерге салық салу туралы халқымыз ислам дінінің негізінде ерекше ұстанымдарды ұстанған. Олай дейтініміз, халқымызда «тірісінің билігі төреде, өлісінің билігі қожада» деген қағидаға арналған сөздің бізге жетуі.

Қазақ жеріндегі феодалдық жер қатынастары жүйесінде «уақып», «мұсылман дінін ұстанғандардың жеке меншігі» деген атаумен ерекше орын алды. Бұл дінді ұстанатындардың ірі өкілдері – «қожалар» ең жоғары ақсүйектерге жататын. Олардың басты әлеуметтік өзін-өзі қамтамасыз етуі көпшілік жерлерді иеленуінде болды. Уақыптары бар қожалар салықтан босатылды. «Қожалар көшпелі қазақ қоғамында ислам даналығын жаюшы және діни-ғұрыптық дәстүрлерді орындаушылардан болды, бұл Өз Тәуліктің «Жеті жарғысында» және қазақ қоғамындағы дәстүрлі әдет-ғұрып құқығының одан кейінгі нормаларында ерекше атап өтілген. Осы секілді олардың дін мен дәстүрге жасаған еңбектері үшін олардың ережелерінде де артықшылықтары айтылып, халқымызда ғасырлар бойы сақталған жүйені ұстанды. Осы орайда қожалардың әлеуметтік болмысы мына төмендегідей негіздерде орын алды:

1. Қожалардың экономикалық және құқықтық сипаты, олардың ерекше құқықтық мәртебесін айқындап, басқа этностардан ерекшелеп, қожалар қазақ қоғамының басқа қарапайым адамдарымен және Орта Азия халықтарымен тең болмады.

2. Жерге меншік құқығына ие болған қожалар салық төлеуден босатылып, ол мұраға қалдырылды.

3. Діндар деп танылған қожалар мен сейіттер азаматтық, әскери және діни тақырыптардағы кеңес мүшелері танылып, талқылауларға қатысты.

4. Құқықтық шарифат негізінде сот ісіне араласты.

Аталған заңдық құқықтар мен артықшылықтар, XVIII-XIX ғғ. бас кезеңінде, яғни Кеңес өкіметіне дейінгі кезеңдердің, олардың әлеуметтік ерекшеліктерін сипаттады» (Ибадуллаева, 2001: 46). Дегенмен уақыптың заңнамалық жағы дұрыс реттелмегендіктен, жемқорлық жасау фактілері де кездесіп отырған. Осы мәселені М. Дулатұлы "Қазақ" газетінің 1913 жылғы санында шыққан "Хазірет Сұлтан" атты мақаласында тілге тиек еткен (Ибадуллаева, 2007: 76).

Жекеменшік жер түрінің уақып етіп берілуіне өзіндік ерекшеліктері болды. Біріншіден, бұл жеке жерлерге толық меншік иесі болып, тек дін өкілдері ғана мойындалса; екіншіден, діни өкілдердің иелігіндегі жерлер хан қазынасына төленетін салықтан босатылды. Сондықтан, қосымша өнім иелерінің өз еркіне қалдырылды. Үшіншіден, дін өкілдерінен бұл жерлерлер күшпен алынып, үкімет басшыларына берілу мүмкіндігі болмады (Еренов, 1963: 27).

Қасиетті Мекке – Мәдина қаласындағы тәкие уақыптар

Тақырыпқа кіріспес бұрын, XIX-XX ғасыр басындағы жағдайларға шамалы ғана тоқтала кеткен жөн. Уақып тарихына шолу жасау барысында мына мәселені қозғамай кете алмаймыз. Мәселен, Ресейдің отарлау саясаты қазақ жерінде біріншіден басып алған жерлерге гарнизондар мен бекіністер (Орынбор, Жайық, Батыс-Сібір, кейін Жетісу) салса, екіншіден саяси-әкімшілік реформаларды жүзеге асыру арқылы, саудасаттықты кеңейтті, үшіншіден рухани жағынан отарлау үшін «дінге жанашыр» сипат танытып, еңбек ақысын төлеп, көбінесе татарлардан сайланған «указной молдаларды» жіберді. Солайша «Патша ағзамға бағыну – уәжіп» идеясын жүргізуді және Орта Азия хандықтары мұсылмандарының бірігуінен сескеніп, оның алдын алуды мақсат етті (Құл-Мұхаммед, 1998: 27).

1910 жылы Қазандағы «Өрнек» баспасынан шыққан Құрбанғали Халидтің «Тауарих-и хамса-ий шарқи» («Шығыстың бес елінің тарихы») кітабында: «Әртүрлі қарама-қайшылықтар бойынша айғақтар пайда бола берген соң, 1858 жылы Орынбор мүфтиі үкіметтің үлкен мәжілістерінде сөз сөйлеп, елдің ішкі

тәртібін реттеу мақсатында «Указной молда» тағайындалып, патша үкіметі тарапынан бұйрық шығарылды. Ол молдалардың істерін тексеріп тұру үшін округ ахуны, облыс ахуны және мухтасибтар (есепшілер) тағайындалды. Бірақ бұл тағайындалғандардың көпшілігінің Указной молдадан артық білімі жоқ болды. Бұған бірден-бір себеп, тағайындалға жауапты мамандардың мал-мүлік жолында адалдық таныта алмауы, кей мәселелерге біліммен, даналық, парасаттылықпен қарап, жан-жақты қарамауы еді. Осыған орай указной молдаларға қатысты түрлі наразылықтар басталып, ел ішінде алауыздықтар да көрініс тапқан (Төтенаев, Жолдасов, Құрбанғали 1992:142). Әрине, «указной молдалардың» ішінде қазақ халқының діни санасының күшеюіне адал қызмет еткендердің де болғандығын айта кету қажет.

Ақ патшаның жымысқы саясатын жүзеге асырудың құралы саналған указной молдалардың жүргізген діни саясаттарына Орта Азия, Түркия, араб елдеріндегі оқу орындарында білім алып, халықтың қолдауына ие болған дін ғалымдары, молдалар қарсы күрес жүргізді. Міне осы кезеңде жекелеген адамдар уақып жолымен мешіт салдырып, медресе ашып, молдалар ұстады. Мысалы, Науан Хазірет Көкшетауда медресе ашып, дін ғылымдарымен қатар медреседе жалпы қоғамдық дәрістер оқуға ден қойған, ал Құнанбай қажы Қарқаралыда мешіт салып, туған жерінде «Ескі там» деп аталатын мектеп пен медресе ашқан, ауылына Әуез, Уәбитхан, Кішкене молла сынды шарифат мамандарын әкеліп, балалардан оқытты. Өз кезегінде мұндай ауқымды істердің қаражатсыз шешілмейтіндігі мәлім. Сондықтан, қазақ елінің жанашырлары материалдық мүмкіндіктерді қолдана отырып уақып етіп мешіт, медресе, мектеп ашу арқылы, ең бастысы діни әрі рухани отарлау саясатына тосқауыл қоя алды. Яғни, уақып – қазақ халқының діни-әлеуметтік жағынан сүйене алатын тірегі болды деп айта аламыз.

Дегенмен, олар тактикалық тұрғыдан кадеттермен ымыраға келеді. Бұл жағдай мұрағатта олардың әртүрлі кеңестеріне қатысқан патша гвардиясының мәліметтері түрінде жазылған. Алашорда көсемдерінің бірі М. Дулатұлының шарифат пен діни ұстаным туралы өзіндік пікірі бар. Осы орайда ол былай деп жазды: «Қазақ халқына бір дін» деген бөлімде мешіт жамағат есебінен ұсталады, ал жұмыс земство есебінен жүргізіледі». Оның үстіне, байлар мешіт-медресе ашқысы келсе, оған тыйым салуға

болмайды. Солай болса да олар кадеттермен тактикалық тұрғыдан уақытша ымыраласады. Бұл жағдай олардың оңаша кеңестеріне қатысқан патша охранкасы жансыздары берген мәлімет түрінде архивте тіркеулі», – деп тарихшыларымыз жазады. Алашорда көсемдерінің бірі М. Дулатұлы шарифат, діни ұстанымы туралы пікір Ә. Бөкейханмен үндес болды. Ол осы жөнінде былай жазады: «Қазақ халқына діни бір уағыз» атты бөлімінде әр болыста жамағат қаржысына ұсталатын бір мешіт, земство қаражатымен жұмыс жасайтын бір медресе болсын», – деген. Мұның сыртында, байлар мешіт-медресе ашамыз деп жатса, тыйым салынбасын», – дейді (Қамзабекұлы, 2002: 46). Тіпті өткен жылдардағы Алашорда тарландары да осы қаңырап бос жатқан жерлер мәселесіне байланысты саяси дау-дамайларға араласты: «1905 жылы Ресей мұсылмандары арасында «Ислам иттифағы» деген діни-саяси қозғалыс құрылғанда, олар елдегі саяси партиялардан конституциялық демократтармен (кадеттер) біріккен. Кадет бағдарламасының бір ғана аспектісі мұсылман жетекшілеріне сәйкес келмейді – жерді жеке меншікке беру идеясы. Бұл жағдайда уақып жер қоры болмайды. Соған қарамастан олар кадеттермен тактикалық тұрғыдан уақытша келіседі. Бұл жағдай мұрағатта олардың жеке кеңестеріне қатысқан жансыз патша гвардиясының мәліметтері түрінде жазылған», деп жазады тарихшыларымыз. Алашорда көсемдерінің бірі М. Дулатұлының шарифаты туралы пікірі, А-ның діни ұстанымы Бөкейханмен үндес болды. Ол туралы былай деп жазады: «Қазақ халқына діни уағыз, әр ауылда жамағат есебінен бір мешіт, Земство есебінен бір медресе жұмыс істесін» деген бөлімде. «Сонымен қатар, байлар мешіт-медресе ашқысы келсе, бұған тыйым салынбауы керек» дейді

С. Салқынұлы «Досжан Хазірет» атты кітабында ел аузында жүрген бір әңгімеде Досжан Хазіреттің ұлы Аққұбаштың 1905 жылы ішкі жақта әлде жазушылардың, әлде мұғалімдердің III съезіне қатысқан болуы мүмкін екендігін алға тартады. Неге десеңіз сол кездері Нижний Новгородта Ресей мұсылмандарының I, II және III сиезі өткен. Сондықтан съезді ұйымдастырушылар Аққұбаштың нағашы жұрты – татар қайраткерлері еді. Сондай-ақ сол кездері өткен құрылтайларға қатысқан қазақтардың қатары қазіргі тарихтану айта беретін Шаһмардан Қосшығұловпен шектеліп қалмаған. Мәгаржа съездерінде Бақытжан

Қаратаев, Уәлидхан Танашев секілді бір топ зиялымыздың болғаны кейін табылған жандармерия архиві арқылы анықталып отыр.

«III Мәгаржа съезі өзге мәселелерді қараумен қатар Ресей мұсылмандарының рухани сұранысын өтеудің жобасын талдап, жоғарыға ұсынды. Ол бойынша ендігі жерде мүфти бес жыл мерзімге сайлануы керек; Діни басқарма Махкама-и Исламия деп аталуы тиіс; ішінде мешіт-медресе салу, уақыф мүлік иелену, имам, мударрис, мұғалім тағайындау, неке, мирас мәселелері бар бүкіл тұрмыс жағдайы мүфтилік қарамағына көшуі керек» (Салқынұлы, 2006: 72). Бұл мәліметтер кейінгі алаш қайраткерлері секілді қазақ зиялылары әу бастан Ресейге бодан емес қазақтың дербес Мүфтиятының, соған қарасты уақып мүлкі болуын мақсат тұтқанын көрсетеді.

Уақыптың түрлері заман талабына сай өзгеріп отырған, мысалы Ислам дінін таратудың алғашқы кезеңдері дін жаюға арналса, орта ғасырларда білім-ғылым талап етуге арналды. Мемлекеттің әлеуметтік саласы қиындық көрсе, денсаулыққа, мұқтаждарға қамқорлық жасауды мақсат тұтты. Сол сияқты XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ зиялылары Ресей отаршылығына қарсы тұрудың бірден-бір жолы халықтың ұлттық, саяси сауаттылығын арттыру деп білді және осылайша уақыптың оқу-ағарту саласын дамытты деп сенімді түрде айта аламыз.

Меценат қазақ байларының қолдауымен ұлттың үнжариясы болған «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа» газеттері, «Айқап», «Абай» журналдары жарық көрді. Меценат байлар қатарында семейлік Қаражан Үкібаев, шыңғыстаулық Медеу Оразбаев, Ике Әділов, Қарқаралы өңірінен Хасен Ақаев, ағайынды Бекметевтер, Ыбырай Ақпаев, жетісулық Маман байдың балалары, торғайлық Мұстафа Оразаев, қобдалық Иса Көпжасаров, Сырым батырдың шөбересі Салық Омаров, Маңғыстау өңіріне аты шыққан бай Тобанияз Әлниязовтарды ерекше атап өтуіміз керек.

Қазақ байларының алаш мұраты жолындағы ерен еңбегі – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ жастарының Ресей империясының және әлемнің жоғары оқу орындарында білім алуына жәрдемдесу еді. Мәселен, Жаһанша (Жанша) Досмұхамедов Сырым батырдың шөбересі салық Омаровтың көмегімен Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген.

«Қазақ» газетін шығаруға рұқсат 1913 жылдың қаңтарында алынып, ең алғашқы нөмірі 1913 жылы 2 ақпанда Орынборда «Керімов, Хұсайыновтар баспаханасында» басылып шықты. 1913 жылдың 5 қаңтарында Орынбор губернаторының Жоғарғы Баспасөз басқармасына берген бұйрығында Торғай облысының қазақтары Мұстафа Оразаев пен Ахмет Байтұрсыновқа Орынбор қаласында қазақ тілінде аптасына бір рет «Қазақ» газетін 14 түрлі бағдарламамен шығарып тұруға рұқсат еткендігі келтірілген (Субханбердина, 1993: 122).

Зайсандағы мұғалім Хафиз Сарсекеев деген кісі «Қазақ» газетіне былай деп жазады: «Мұнда «Мектеп Қазақие», «Мектеп Ғизатие» деп аталған екі мектеп бар. Бірінші мектептің «Мектеп Қазақие» деген атынан-ақ қазақтар салдырған екені белгілі. Мұның салынып, усул жәдид ретінше қазақ балаларының оқи бастағанына төрт-бес жыл болды. Жас балалардың аз уақытта бірсыпыра ғылым үйренгендіктеріне халық аса разы, көңілді.

Зайсандағы ғейратты, қайырымды қазақ байлары мектеп салдырып тұрған қазақтарды қуантқандарымен ғана қоймай, бүтін Зайсан уезіне қараған қазақтардың аз да болса оқудың керек екендігіне қанық болуына себеп болды» (Смағұлова, Әнес, Замзаева, 2009а: 251). Осы мәліметтермен қатар, уақып қызметіне қатысы бар қазақ байларының ЖОО оқу орындарында оқып жатқан қазақ жастарына шәкіртақы тағайындау, мектеп-медресе ашып, демеушілік жасау фактілерін әлі де болса зерттеу қажет.

Тарихқа үңілетін болсақ, «Қасиетті қос қалада» (Мекке-Мәдина) қажыларымыз уақып етіп салған тәкиелерінің көптеп кездескенін көреміз. Солардың ең алғашқысы ретінде Құнанбай қажының қажылардың басын қоса отырып, Меккедегі уақып етіп салғызған тәкиесін айтуға болады. 1874 жылы Меккеге барған Құнанбай парызын өтеумен қатар, «Тәкия» қонақ үйін салдыртқанына қатысты нақты дерек 1883 жылы Қазан қаласынан басылып шыққан «Маңызды мәселелер кітабында» келтіріледі. «Досжан Хазірет» атты еңбекте мынадай деректерді көреміз: «Дошекең (Досжан Хазірет Қашақұлы (1815-1890)) екінші хаж сапары осы Ғұбайдолла сапарына ұрымтал, белгілі Құнанбай Өскенбайұлының тәуап сапарымен бірге, яғни 1874 жыл. Бұған Шәкәрім қажының «Түрік, қазақ-қырғыз һәм хандар шежіресі» дейтін еңбегіндегі Құнанбай қажы жайындағы мына жолдар дәлел: «1874 жылы

хажға барғанында қазақ хажылары түсетұғын Меккеде бір тәкия яки үй сатып алып құдайы қылып еді. Осы күнде «Кіші тәкия» деп атайды. Кіші жүзден Сұлтан деген бек ғалым жігіт ие болып тұр. Басында хажы марқұмның қойған күтушісі Қанатбай сопы еді. Ол кісі өлген соң кемпір қатыны бір жиен қызын асырап тұрған кезде осы Сұлтан кез болып, кемпір оған жиен қызын беріп, тәкияге Сұлтан ие қылыпты. Мен пақыр 1905 жылдан бастап 1906 жылға қарай қажыға барғанда тәкияні көрдім. Менен бұрын қажылар кіріп қалған екен. Оларды ренжітпей пәтер алып түстім. Бірақ Сұлтан айтты: Бұл тәкия осы күні Кіші жүз Досжан қажының атына жазулы екен. Не себеп екенін білмедім дейді. Соны 31 жыл болған ескі дәптерден қаратып білмекші болып дәлелге барып, ертең Шәрифке барғалы тұрғанымда Алланың тағдыры, қатты науқастандым. Жазылар-жазылмаста кіші делдалымыз Ибраһим Мәлуани деген кәфилә жүріп барады деп түнде хабар қылып, жүріп кеттім. Қажы марқұм тәкияны мен бастап салсам да, Кіші жүз қажылары көп ақша берді деп еді. Сол себептен бе яки құдайы қылғанда Досжан қажы атына қалдырған ба, біле алмадым» (Салқынұлы, 2006: 46). Сонымен қатар Досжан хазірет 1870-жылдары қажылыққа барып, Мекке-Мәдинадан уақыф (қонақүй, жер) салдырған қазақ қажыларына жолығып, осы істі заңдастыруға белсене араласқан (Салқынұлы, 2006: 49).

Құнанбай қажының Меккеде салған тәкиясынан басқа Мекке мен Мәдинада қазақтардың тәкия-уақыптары болғандығын 1914 жылы «Қазақ» газетінде «Мәдина хаты» деген атпен жарық көрген мақаладағы мәліметтерден көре аламыз. Онда Мәдина шаһарында қазақ атына алынған, ескі-жаңа аралас алты тәкиенің болғандығы, алайда одан өзге де тәкиелердің болуы ғажап еместігі айтылады. Мәдинадағы алты тәкиенің біреуін ғана уақытша болса да қазақ қажылары пайдаланған. Ол – кіші жүзден Жаббас Мырқы мырзаның алған тәкиесі. Мырқы мырзаның Ахметсапа деген баласын оқытқан бір түрікпен молдасы болады екен. Екі тәкиені Орта жүз қажылары салдырған, оны қашан әрі кім салғаны белгісіз. Мақалада келтірілген млімтке сүйенсек, ол тәкиені Жолдас Қожа деген біреу өз атына жаздырып, уақыфлықтан біржола шығарған екен. Бұл үй Жолдас Қожаның балаларына мирас болып қалып, оны үлкен баласы Ғалуа деген қисық мұрын сарт билеп тұрған. Ол қазақтың момын қажыларына: «Әкемнің орны-

на ишан болдым» деп сендіріп қойған. Жылда Сібірден һәм Қытай қол астынан келген Орта жүз қажылары ишанымызға «пірімізге барамыз, тәкиемізге түсеміз» деп аңсап келіп, әлгі сарттың қармағына ілініп, дұғасын аламыз деп алды жүз сомнан ақша беріп кететін. Қажылардан дәл жүрерінде садақасынан бөлек кісі басынан күніне 5 құрұш (40 тиын) жанбас ақы алып қалып отырған.

Бір тәкиені Қытайға шектес Қоқан, Наманған жағындағы қыпшақ қажылары Миделбай деген кісі бастық болып, 15 мың сомға алған екен. Ол 15 бөлмелі төрт қабат үй. Бұл үй де Мәдинада тұратын Осман деген сарттың атына жаздырылғандықтан қазақтар пайдалан алмаған екен.

Бір тәкиені Сырдария облысында Әулие-ата уезіндегі Ұлы жүз Дулат ағайындар 40 болыс ел болып 17 мың сом береміз деп, Мәдинада тұратын Хамза деген сартқа үй алуға һәм өзін әулие қылып, пір тұтынуға уәде байлаған екен. 1911 жылы қазақ болыс дулаттан қажыға жүзге жақын кісі келіп, бастығы Жұматай ақсақал, Өте болыс, Аққожа деген бір қожа ортасынан жинаған һәм елдерінен ала келген, барлығы 5-6 мың сом ақшаны Хамзаға тапсырыпты. Хамза өзінің үйін қажыларға: «Мынау сендерге арнап алған үйім» деп көрсетіпті. Хамзаның сұрауынша қажылар үйге төсейтін он кілем алып берген. 17 мың сомның қалғанын елдерінен жинап беруге уәде беріскен. Сол кезде кейбір кісілер: «Сарттың алдауына түспеңіздер, түбінде мұнан қазақ баласына бір тиын пайда болмайды, онан да хукіметке мағлұмдап, қазақ атына уақыфқа жаздырталық» – десе де, ақсақалдар құлақтарына ілмей: «Қазақ – мазағыңның керегі жоқ, ишанымызға уәде бердік, енді бұза алмаймыз» – деп, оларды қуып шыққан екен.

Тағы бұл алтауынан басқа Сейд Хамза, Сейд Исмағұл деген семсар ғұрыптар Ақмола, Семей жағындағы қазақтарға бір тәкие салуды жоспарлаған. Оған да халық жақсы ықылас танытқан екен (Смағұлова, Әнес, Замзаева, 2009б: 32).

Қасиетті жерлерде тәкие аз болмағанын байқаймыз. Бірақ салушы адамдар құжаттарын дұрыстап, қазақ атына уақып етпеген соң оларды табу қиындық туғызуда. Сонымен бірге қазақ атына Мәдинада бір медресе салу мәселесі көтерілгендігі жөніндегі тың деректі осы газетте «Орынсыз шығын» атты атаумен шыққан мақаладан көреміз. Онда Мәдина қаласында оқып жатқан 10-15 қазақ шәкірттерінің қасиетті

мекенде қазақтар атынан бір зор медресе салуды ниет етіп, барған қажылардан жылда ақша жинағандығы, елден келген қажылардың халықтан жылу жинауға кіріскендіктер айтылды. Алайда жеткілікті көлемде қаражат жинау ол кезде қиындық тудырған. Ол жайлы былай делінген: «Мединеде медресе ашу мүмкін еместігін айтамыз. Бірінші – Мединеде медресе ашу үшін елден ақша жинау мүмкін емес. Екінші – азынаулақ басшы қажылардың өз күштері келмейді. Үшінші – егер жылда Арабстанға баратын қазақ қажылары бір ынтымақпен жұмыла жәрдем етісетін болса, бәлкі ондай ақшаны елден жинамай – ақ толтырар еді. Жылда 10 облыс қазақтан екі мың шамалы қажы барса, бұлар құдай жолына деп алып шыққан ақшаларынан кісі басы он сомнан берсе, бір жылда 20 мың, төрт жылда 80 мың сом жиылып қалған болар еді. Мұның да мүмкін еместігін көріп отырмыз. Шәкірттердің төрт жылдан бергі жинаған ақшасы мың жарым – екі мыңнан артпаса, олар қалай медресе ашпақшы!». Мақала авторы медресе салуға ол кезде үкіметтің де рұқсат бермейтіндігін, жиналған қаражаттардың қолды боп кеткен бірқатар жайттардың орын алғандығын тілге былайша тиек еткен: «Ардақты қажыларымыз бен хазіреттеріміздің ойлағандары ұлтына қызмет, іздегендері сауап болса, ат қинатпай-ақ, «мен мұңдалап» тұр емес пе. Бізге де, өздеріне де белгілі, осы қажылардың өз ауылдарында бұл күнге шейін бір тәртіпті бастауыш мектеп жоқ. Соны көре тұра дүниенің бір шетінен медресе ашпақшы, оның үшін елден мал жинамақшы. Бұ да орынсыз шығын емес пе?!

Сол кезегі келгенде осы секілді жұртты орынсыз шығынға ұшыратқан өткен істерді де еске түсірмей кетуге болмайды.

Ана жылы Думаға депутат сайлауға жиналғанда Торғай облысының сайлаушылары қазақша газета шығаруға деп бірнеше мың сом ақша жинаған, бұл ақша кімнің қолында кеткені осы күнге шейін белгісіз.

Ақмола облысының әуелгі екіі Думаға сайланған депутаты Шаһмардан молда Көкшетауда дар-әл-фунун (зор медресе) ашамын деп жұрттан жинаған малы не орынға жұмсалғаны да белгісіз.

Түркістандағы Хазірет Сұлтанның зияратын түзетеміз деп жұрттан жиналған неше мың сомнан да дерек жоқ.

«Айқап» журналының «Мәшһүр жиһангезі», аты һәм суреті «Айқапта» басып жүрген Мұхаммедсәлім Кәшімов өткен жаз Қоянды

жәрмеңкесінде «Айқапқа» жәрдем деп (подписчик ақшасын басқа) 3-4 жүз сом, күзді күні Зайсан уезінен 3-4 жүз сом жиып әкетіп еді, сол ақшаның орнына тиген-тимегенін білмейміз, «Айқап» алғандығын білдірмеді деп, бізге хат жазып сұраушылар бар. Кәшімовтың бұл ақшаны не қылғанын біз де білмейміз, оның жауабын «Айқап» өзі берер.

Осы секілді жұртты бекер қылушыларға тию саларлық, елді орынсыз шығындардан қорғарлық, шын пайдалы іске демдерлік мезгіл жеткен жоқ па!

«Осындай ел басына іс көп келер,

Білмеспіз: кімге қалай, кім дөп келер.

Сұмдығы сұраушының азаймаса,

Не жөн бар қайырсыз деп жұртқа өкпелер!» деген секілді, мұнан кейін де жұрт көмегімен істелетін істер көп, сондай орынды жерлерге жұмса дегенде, баяғыдай алдайын деп жүр демес пе? Қазақта бұрынғыдай енді есепсіз мал жоқ, орынсызға ұрындыра беруден тоқталатын мезгіл жетті. Мұны ел де, елге пайда келтіремін деушілер де естерінен шығармаса тиіс!» (Смағұлова, Әнес, Замзаева, 2009б). Мекке және Мәдина қалаларында болған тәкиелер, медресе салу жөніндегі тың деректер көпнәрсеге көзімізді ашады. Сондықтан, осы екі мақаладағы деректерді кеңірек берудегі мақсат – бәлкі әлі де болса ұрпақтары, құжаттары табылып қала ма деген үміт.

Уақып тақырыбы қозғалғанда, кеңес үкіметі атынан 1928-36 жылдары Төтенше және өкілетті өкіл (дипломатиялық атақ) деген лауазыммен Кеңес Одағының қазіргі Сауд Арабиясында ең алғашқы елші болып жұмыс істеген Нәзір Төрәқұлов жайлы сөз қозғамаса болмайды. Неге десеңіз екі мемлекет арасындағы келісімдерде осы уақып мәселесі көтерілгеніне куә боламыз. Нәзір Төрәқұловтың қызметі барысында мына екі мәселе – уақып пен қажылар мәселелесі Кеңес Одағы жөніндегі сауда шектеулерін алып тастау жолындағы күресінің барлық жылдарындағы басты кедергі болып қала берді. Ол бұл проблемаларды КСРО үшін ең аз материалдық және саяси шығындармен шешу мүмкіндігін Мәскеумен үнемі ақылдасып, өз ойын ылғида ортаға салып отырды. Мәселен «уақып мүлкі» проблемасы туралы елші мына тактиканы ұстануды ұсынды: «Әуелгі позиция ретінде мәселені біржақты шешуге рұқсат ететін біздің редакцияны өткізуге тырысайық; егер бұл ұсыныс өтпесе, бұл мәселені шартта мүлде қозғамауды ұсыну қажет болады; үшінші редакция ретінде уақып туралы

талап қоюдан екі жақ бірдей бас тартсын деген ұсыныс жасау керек. Қалай болғанда да, шартта Одақ территориясындағы уақып мүлкіне құқықты бекіту біз үшін принципінде жол беруге болмайтын нәрсе» (Мансұров, 2007: 50).

Әлбетте, Кеңес өкіметі кезінде атеизммен уланған идеологияға қарама-қайшы принцип болғандықтан бұл екі мәселе күрмеуі қиын тақырып еді. Сондықтан, «елдестірмек елшіден» жолын ұстанған Нәзір ағамыз кедергі мәселелерді айланып өтуге тырысты. Сол кездің сыртқы істер министр Фуад Хамзамен, өзге де жоғары лауазымды кісілермен сұхбат барысында Нәзір мұндай келіссөздер кезінде Хиджазда кеңестіктік сауда жасау құқығы мен пайдасы есесіне сауд басшылығы кеңес үкіметі бере алатын саяси және материалдық «эквиваленттер» туралы мәселе қоя алатындығына көз жеткізді. Мәселе КСРО-дан қажылыққа келетіндер мен «мутаавифтерді» (тауап етушілер) онда жіберу болатын. Елшінің мұның бәрі ойдан шығарылған сылтау және кеңес жағы үшін осынау негізгі мәселе шешілгенге дейін келіссөзді бастап, «біздің қарсыластарымыздың өздері үшін қолайлы желеумен» оны үзіп тастау қатеріне ұшыратудың қажеті жоқ деген байлам жасауы үшін барлық негіз бар.

Келіссөздің үзіліп қалуы халыққа КСРО-да қажылыққа тыйым салынуымен түсіндіріліп, кеңес үкіметінің өзгемен етене болғысы келмейтін саясатының нәтижесі деп тәпсірленер еді. Сондықтан Н. Төрәқұлов корольге мынадай мәлімдеме жасау орынды деп санады: «кезінде кеңес – хиджаз қатынасын хаттауды ұсынған кеңес үкіметі корольдың шарт туралы ұсынысын қанағатпен қарсы алды. Ол Саудтың бұл қадамын оның КСРО-ға сенімі мен достығының белгісі деп бағалайды, бірақ осы мәселе жөніндегі келіссөзді екі жақтың үкіметі өз мүддесіне неғұрлым қолайлы деп шешетін уақытқа дейін қалдыра тұруды жөн санайды және корольден келіссөздің мерзімі туралы мәселе бойынша пікірін айтуын өтінді».

Уақып туралы мәселе аса күрделі және материалдарды алдын-ала мұқият зерттеуді талап етеді. Мұның Геджастағы кеңес саудасына қойылған тиымды алып тастауға тікелей қатысы жоқ. Бұл мәселені талқылаудан жалтармаймыз, бірақ бұл мәселені сауда шарты туралы келіссөзіміздің тақырыбын құрайтын мәселелер қатарына жатқызу керек» (Мансұров, 2007: 96).

Өкінішке орай, Сауд елінде қаншама жыл қызмет етіп, сол елдің патшасын төңірегіне,

халқына сыйлы болған елшісін Кеңес өкіметі шақырып алып, 1937 жылы пантюркист, халық жауы деп атып тастағаны жанға батады. Сондықтан Кеңес өкіметімен байланысын елу жылдан артық уақытқа доғарды.

Осы орайда аз-кем шегініс жасап, Кеңес өкіметі кезеңінің 20-30-шы жылдары Қазақстанды күшпен коллективтендіру тоталитарлық режимнің қыспағымен қарқынды түрде жүргізілген саясатына қысқаша ғана тоқтала кеткен жөн. Осы кезеңде әсіресе ауыл шаруашылығын коллективтік негізде қайта құру саясаты уақыптық меншіктерге де өз салқынын тигізді. Жерін, малын тартып алу, мешіттерін жабу халықтың наразылығын туғызды. Сол себепті жер-жерлерде, атап айтсақ Созақ, Жетісу, Семей жерінде көтерілістер бас көтерді (Қозыбаев, Алдажұманов, Әбілқожин, 1992: 12).

Дінмен күрес барысында мемлекет құдайшылдардың діни ғимараттарын да айналып өткен жоқ. 30-жж. басында-ақ мемлекеттік органдар діндарларды діни ғимараттарынан айырды. Құдайсыздандыру саясаты қарқынды жүргізілген кенестік дәуірде билік өз ұстанымдарын заңды етіп көрсету үшін мынадай уәждерді алға тартты: «дұға қылатын ғимарат ескіре бастады, жөндеуден өткізуді қажет етеді, ұзақ уақыт бойы «иесіз» бос жатып, мақсатына қарай пайдаланылмайды; мешіт жанында ресми түрде тіркелген дінге сенетіндер қауымы жоқ, мешіт заңсыз түрде әрекет етеді, ал бұған «діни ұйымдар туралы» заңмен тиым салынған; құдайшылдар дұға қылатын ғимараттан және діни салттарды орындаудан өз еріктерімен бас тартып отыр». Осылайша кезінде уақып меншігі саналған мешіттер жабылып, олардың ғимараттары мектеп, кеңсе, мәдени мекемелердің қызметіне берілді.

Мешіттердің бір бөлігі қойма, т.с.с ретінде шаруашылық мақсатқа пайданатын жағдайларда кездесті. Мысалы, аймақта орын алған бұл жағдайға қатысты Қазақстан Орталық комитетінің хатшысы Л. Мирзоян 1937 жылғы 14 маусымдағы қаулысында бұрынғы шіркеулер мен мешіттердің ғимараттарын мәдени-ағарту мекемелері, әсіресе, клуб, кітапхана, кино, мектептерге берілуін қадағалау қажеттігі баса айтты (Мақсат, 2007: 126).

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Ислам өркениетінің қалыптасуы мен дамуында бастауын Пайғамбардың кезеңінен алатын уақып құрылымының алар орны ерек-

ше. Қайырымдылық шараларына бағытталған уақып жүйесі ислам діні келгенге дейін де кездескенімен, мұсылмандар оның ауқымы мен қызмет салаларын барынша кеңейтіп, жаңа арнада дамытты.

Мұсылман мәдениетіне тән уақып институты қазақдаласына ислам дінінің таралуы нәтижесінде қолданысқа ене бастаған. Соның нәтижесінде үлкен мешіт, медреселер құрылып, халықтың діни сауатын дамыту жолында маңызды рөл ойнады. Кеңестік кезеңде тоқырауға ұшыраған көп салалы уақып қызметін дамыту ұмтылысы елімізде де қайта жаңғыра бастады. Бұған қазіргі Қазақстан мұсылман діни басқармасы тарапынан қолға алынып жатқан жаңа бастамалар мысал бола алады. Қазіргі таңда елімізде көптеген діни мәселелерді шешуде уақып жүйесін кең насихаттап, бір арнаға бағыттау – ұзақ мерзімде жемісін беретін келелі бағыт.

Қорытынды

Ислам мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігі саналатын уақып жүйесі – Пайғамбардың кезеңінен бастап қазіргі заманда да мұсылман елдерінің көпшілігінде діни-әлеуметтік мәселелерді шешуде өзектілігін сақтап келе жатқан маңызды құрылым. Қазіргі таңда әлеуеті жоғары осынау жүйе барлық елдерде дерлік кең қолданысқа ие.

Елімізде Кеңес өкіметі тұсында үзілген уақып жүйесінің қайта жаңғыруы құптарлық іс. Құнанбай қажының ізін жалғап, жиырмасыншы ғасырдың аяғында Түркияға қоныс аударған қандастарымыз шет елдерде уақып ашу жолын жалғастырғаны белгілі. Осы орайда марқұм Халифа Алтай: «1986 жылы 17 желтоқсанда қазақтар ресми түрде Түркияда «Қазақ түріктері уақыпын» құрды. Бұл қор түрік қазақтары мен жергілікті халыққа діни, әлеуметтік, мәдени және экономикалық көмек көрсетуге бағытталды. Құрылтайшылар болып 19 адам сайланды. Уақыпты жүзеге асыру үшін 6 миллион 534 мың түрік лирасы жиналды», деп жазады (Halife Altay, 1986: 3).

Сонымен қатар, Ыстамбұлда 1992 жылы Түркия қазақтары ашқан «Қожа Ахмет Ясауи білім және зиялылық қоры» да жұмыс жасайды. Қордың негізгі мақсаты – Түркия Республикасындағы қазақтарға оқу, білім, мәдени және әлеуметтік жағынан көмек көрсету, негізгі руханиятын көтеру. Бұл қор сонау сексенінші жылдардан бастау алып, оны

ұйымдастырушылардың басында марқұм Рамазан Қарлыдағ тұрған. Ол туралы Хасан Оралтай «Елім-айла ғиыт» атты еңбегіде: «Марқұм Рамазан Қарлыдағ сол кезеңдегі жігерлі қазақ жастарының бірі болатын. Бұл талантты жас қазақ 1976 жылдың басында қазақ ауылын «Қазақ кент» деп атаймыз деп талпынып, өз ауылында «Түркістан қазақ отауы» атты қазақ жастарының клубын ұйымдастырып, әлдебір келеңсіздіктерге байланысты «Гүнешлі» атауын алған (Оралтай, 2005: 124).

Қор ашылған кезде, қорға Абдулхак Иман және Құрманяз Йолжы есімді екі ақсақал өз жерлерін: «тек медресе болсын» деген шартпен бөліп берген. Сол жерге жеті қабатты қор орталығы және медресе ғимараты тұрғызылады. Қордың ұйымдастыруымен ширек ғасыр арасында осы оқу орнында Қазақстан, Монғолия, Қытай, Ресей мемлекеттерінен мыңға жуық шәкірт дәріс алып, діни сауатын ашқан. Осы медреседен тәлім алған бірқатар жастарымыз қазіргі таңда дін саласында жемісті қызмет етуде. Қордың Қазақстандағы филиалы ҚМДБ-мен меморандум жасасып, қазіргі күнде де Қарғалыдағы қыздар медресесі мен Үшқоңырдағы ұлдар медресесіне

демеушілік етуде. Жоғарыдағы «Қазақ түріктері уақыбы» көбінесе мәдени-әлеуметтік шараларға атсалысса, «Қожа Ахмет Яссауы білім жіне парасат қоры» мәдени, әлеуметтік және рухани саладағы бағытта жұмыс жасайды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін елдегі мұсылмандардың Діни басқармасы құрылып, жер-жерлерде мешіт-медреселер ашылды. ТМД аймағында бірегей жоғары діни оқу орны – «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті де Мысыр Уақып Министрлігі қаражатына салынған болатын. Шариятта осының бәрі уақып мүліктері болып табылады. Уақыптың қызметі тарихи жолға қойылған елдерде оның үш түрі қалыптасқан. Атап айтсақ, таза діни (мешіт-медресе), қайырымдылыққа арналған (барлық қайырымдылық түрлеріне арналған қорлар), ұрпаққа арналған (ұрпаққа дивиденді тең бөлінетін қор). Уақып тақырыбы – елімізде діни сананы қайта жаңғыртуда өте өзекті мәселенің бірі. Сондықтан тарихта өз маңыздылығын дәлелдеген уақып мәселесін қайта жандандырып, кең қолданысқа енгізу еліміздегі көптеген діни-әлеуметтік мәселелерді шешуде маңызға ие.

Әдебиеттер

- Halife Altay (1986) Kazak türkleri vakfi. – Стамбул. – 192.
 әл-Муғни, Ибн Құдама (1977) Әл-Мұғни. – 12 том. әл-Рияд: Дарул Аламул кутуб.– 175.
 Гордлевский В.А. (1968) Избранные сочинения: В 4 т. – М.: Наука. – 549.
 Диваев А. (1901) Предание о Хазірете Ата // Туркестанские ведомости. – 11.03.1901. – 6-7.
 Еренов А. (1963) Возникновение и развитие социалистических земельных правоотношений в Каз ССР. – Алма-Ата: Наука. – 56.
 Жандарбек З. (2002) «Насаб-наме» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс. – 22.
 Ибадуллаева З.Ө. (2001) Қазақ халқының құрамындағы қожалар (тарихи-этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақ университеті баспасы. Д 2003/37 И 13. – 51.
 Қамзабекұлы Д. (2002) Алаш және әдебиет. – Астана: Отырар кітапханасы. – 99.
 Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. (1992) «Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық». – Алматы: Тарихшының кітапханасы. – 17-18.
 Құл-Мұхаммед, Мұхтар (1998) Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы: Атамұра. – 78.
 Мақсат Д. (2007) Сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925-1956). – Астана. – 528.
 Мансұров Т.А. (2007) Нәзір Төреқұлов. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі. – 114.
 Массон М.Е. (2000) Қожа Ахмет кесенесі. – Шымкент: Жібек жолы. – 63.
 Оралтай Х. (2005) Елім-айлап өткен өмір. – Алматы: Білім. – 218.
 Расудова Р. Я. (1978) Термин ходжа в топономии Средней Азии. Онамастика Ср. Азии. – Москва: Наука. – 128.
 Салқынұлы Сәбит (2006) Досжан Хазірет. – Алматы: Дәйт-Принтхаус. – 89.
 Смағұлова С.О., Әнес Ф.Қ., Замзаева Т.А. (2009а) Мәдина хаты/ Қазақ газеті (1914). – Алматы: Арыс. – 480.
 Смағұлова С.О., Әнес Ф.Қ., Замзаева Т.А. (2009б) Орынсыз шығын// Қазақ газеті (1913). – Алматы: Арыс. – 480.
 Сүбханбердина Ү. (1993) «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа». – Алматы: Ғылым. – 200.
 Төтенәев Б., Жолдасов А., Құрбанғали Х. (1992) «Тауарих хамса» (Бес тарих). – Алматы: Қазақстан. – 304.
 Шлыков П.В. (2011) Вакфы в Турции: трансформация традиционного института, Москва: Марджани. – 27.

References

- Divaev A. (1901) Predanie o Hazirete Ata // Turkestanskije vedomosti [The Legend of Hazrat Ata // Turkestan Statements]. – 11.03.1901. – 6-7. (in Russian)
- Erenov A. (1963) Vozniknovenie i razvitie socialisticheskikh zemel'nyh pravootnoshenij v Kaz SSR [The emergence and development of socialist land relations in the Kazakh SSR]. – Alma-Ata: Nauka. – 56. (in Russian)
- Gill M. (1976) Documents of the Jewish pious foundations the Cairo Geniza. Leiden. – 250.
- Gordlevskii V.A. (1968) Izbrannye sochinenija: V 4 t. [Selected Compositions: 4 vol.]. – M.: Nauka. – 549. (in Russian)
- Halife Altay (1986) Kazak türkleri vakfi [Kazakh Turks Founds]. – Istanbul. – 192. (in Turkish)
- Ibadullaeva Z.Ө. (2001) Қазақ халқының құрамындағы қозғалар (тарихи-жетнографиялық зерттеу) [Khojas among the Kazakh people (historical-ethnographic study)]. – Almaty: Kazakh University Press. Д 2003/37 И 13. – 51. (in Kazakh)
- Ibn Qudama (1977) Al-Mughni [Al-Mughni, 12 vol. Darul "Alamul Qutb"]. – al-Riyad: Darul "Alamul Qutb". – 12 том. – 175. (in Arabic)
- Kozybaev M.K., Aldajumanov K.S., Abilkozhin Zh.B. (1992) Qazaqstandagy kushpen kooletivtendiru: qorlyq pen zorlyq [Collectivization by Force in Kazakhstan: Humiliation and Violence]. – Алматы: Тарихшының кітапханасы. – 17-18. (in Kazakh)
- Maksat D. (2007) The rise of Stalinism in Kazakhstan (1925-1956) [Stalinshildiktiң Қазақстанда орнуы. 1925-1956]. – Астана. – 528. (in Kazakh)
- Mansurov T.A. (2007) Nazir Torequlov [Nazir Torequlov]. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі. – 114.
- Masson M.E. (2000) Qozha Ahmet kesenesi [The mausoleum of Khozha Ahmet]. – Shymkent: Zhibek zholy. – 63. (in Kazakh)
- Oraltai H. (2005) Elim-ajlap ötken өмір [Past Life with Elim-ai]. – Almaty: Bilim. – 218. (in Kazakh)
- Qamzabekuly D. (2002) Alash jane adebiet [Alash and the Literature]. – Astana: Otyrar kitaphanasy. – 99. (in Kazakh)
- Qul-Muhammed, M. (1998) Alash qajratkerleri sajasi-quqyqytyq kozqarastarynyn jevoljucijasy [Evolution of political and legal views of Alash figures]. – Almaty: Atamura. – 78. (in Kazakh)
- Rasudova R. Ya. (1978) Termin hodzha v toponomii Srednej Azii. Onamastika Srednej Azii [The term Khodja in the toponymy of Central Asia. Onomastics of Central Asia]. – Москва: Наука. – 128. (in Russian)
- Salqynuly S. (2006) Doszhan Haziret [Hazrat Doszhan]. – Almaty: Doit Print House. – 89. (in Kazakh)
- Shlykov P.V. (2011) Vakfy v Turcii: transformaciya tradicionnogo instituta [Foundations in Turkey: transformation to a traditional institution]. – Moscow: Mardzhani. – 27. (in Russian)
- Smagulova S.O., Anes G. K., Zamzaeva T.A. (2009) Madina haty/Qazaq gazetі (1914) [The Letter of Madina/The Kazakh Gazeti]. – Almaty: Arys. – 480. (in Kazakh)
- Smagulova S.O., Anes G. K., Zamzaeva T.A. (2009) Orynsyz shygyn/Qazaq gazetі (1913) [Undue Expense/ The Kazakh Gazeti]. – Almaty: Arys. – 480. (in Kazakh)
- Subhanberdina U. (1993) «Qazaq», «Alash», «Saryarqa» [Kazakh, Alash, Saryarqa]. – Almaty: Gylym. – 200. (in Kazakh)
- Tonentaev B., Zholdasov A., Qurbangali Kh. (1992) «Tauarih hamsa» (Bes tarih) [The Five History]. – Almaty: Qazaqstan. – 304. (in Kazakh)
- Zhandarnek Z. (2002) «Nasab-name» nұsqalary zhəne tūrki tarihy [Versions of "Nasab-name" and Turkish history]. – Алматы: Дайк-Пресс. – 22. (in Kazakh)